

Жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қарашадағы N 1038 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылсын.

3. "Жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы N 418 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

11

қарашадағы

N

1038

қаулысымен

мақұлданған

жоба

Жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

халықты тиімді, қауіпсіз және сапалы дәрілік заттармен қажетті көлемде және түр-түрде қамтамасыз етуге ерекше мән бере отырып,

жалған дәрілік заттар айналымы Тараптар мемлекеттері халқының денсаулығы мен әл-ауқатына елеулі қатер төндіретінін ұғына отырып,

Тараптар мемлекеттерінде жалған дәрілік заттар айналымының, оның ішінде экспорты мен импортының алдын алу, анықтау мен жолын кесу бойынша кезек күттірмейтін шаралар қабылдау қажеттілігін ескере отырып,

Тараптар мемлекеттерінде дәрілік заттар айналымын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдірудің орындылығын сезіне отырып,

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жалған дәрілік заттар айналымына

қарсы күрес жөніндегі ұсынымдарын негізге ала отырып, жалпыға бірдей қабылданған халықаралық құқық нормаларын, халықаралық шарттарды, Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы Осы Келісімнің мәні болып табылады.

2-бап

Тараптардың осы Келісім шеңберінде жалған дәрілік заттар айналымына, оның ішінде олардың экспорты мен импортына қарсы күрес мәселелері бойынша ынтымақтастығы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

жалған дәрілік заттар айналымына қарсы күрес бойынша, оның ішінде бақыланатын өнім жеткізуде келісілген іс-шаралар өткізу;

халықаралық стандарттарға, оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес дәрілік заттар айналымын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру;

тасымалдау мен өткізу кезінде жалған дәрілік заттарды жасыру мен бүркемелеудің қолданылатын тәсілдері туралы, сондай-ақ оларды анықтау әдістері туралы ақпарат алмасу;

Тараптар мемлекеттерінің заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен алмасу;

дәрілік заттар сапасын бақылау және жалған дәрілік заттарды анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

дәрілік заттар сапасын бақылау және жалған дәрілік заттардың айналымына қарсы күрес саласындағы жұмыс үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау бойынша әдістемелік бағдарламалар әзірлеу;

жалған дәрілік заттардың айналымына қарсы күрес мәселелері бойынша өзара ғылыми-техникалық және консультациялық көмек көрсету;

жалған дәрілік заттар айналымының жолын кесуге бағытталған қазіргі заманғы қорғаныш технологияларын, оның ішінде дәрілік заттардың қорғаныш таңбаларын және оларды пайдалану әдістерін енгізуге жәрдемдесу;

жалған дәрілік заттардың айналымына қарсы күрестің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен симпозиумдар өткізу.

3-бап

Тараптар жалған дәрілік заттарды анықтау және олардың таралуы фактілері, дәрілік заттарды қорғау тәсілдері мен дәрілік заттардың түпнұсқалығын растау әдістемелері туралы бірін-бірі хабардар етуге міндеттенеді.

4-бап

Жалған дәрілік заттар олар анықталған және/немесе тұрған аумақтағы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жойылуы тиіс.

Жалған дәрілік заттарды жою фактілері туралы Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптарға, жалған дәрілік затта көрсетілген өндірушіге, сондай-ақ сол жалған дәрілік зат аумағынан импортталған мемлекетке хабарлауға міндеттенеді.

5-бап

Тараптар осы Келісім күшіне енген күнінен бастап үш ай ішінде оны іске асыруға жауапты құзыретті органдарды айқындайды және бұл туралы депозитарийге хабарлайды.

6-бап

Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса, олардың осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды олардың функцияларын атқаруға құзыретті министрліктер мен ведомстволарға арналған ұлттық бюджеттерде жыл сайын көзделетін қаржы құралдары шеңберінде дербес көтереді.

7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру кезінде туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

9-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, ал заңнамасы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін

мемлекеттер үшін - аталған рәсімдердің орындалуы туралы хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 9-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамамен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған міндеттемелерді реттей отырып, көзделіп отырған шығу күніне дейін кемінде 6 айдан кешіктірмей өзінің ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

12-бап

Осы Келісім мұндай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

_____ жылғы _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Әзірбайжан</i>	<i>Молдова Республикасының</i>
<i>Республикасының Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Армения Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Тәжікстан</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	
<i>Грузия Үкіметі үшін</i>	<i>Түрікменстан Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Өзбекстан</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Украина Үкіметі үшін</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК